Қазығұрт ауданы
«Аққу» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін
б/бақша меңгерушісі
Г.Т.Ибраимова

# Мерекелік ертеңгілік
## Тақырыбы:«Кел жаңа жыл,жаңа жыл!»



Кіші «Қарлығаш»тобы

Тәрбиешілер: Абишева У.Т.
Елемесова Н.К.

28.12.2021ж

## Кел жаңа жыл, жаңа жыл!

**Жүргізуші: Құрметті ата-аналар,әріптестер, бүлдіршіндер сіздерді келе жатқан Барыс жылымен құтықтаймыз!. Барыс жылы табыс жылы болсын. Отбасыларыңызға амандық, денеріңізге саулық тілейміз.**
**Сәлем барша адамдарға**
**Аяулы аналарға,**
**Ардақты қонақтарға,**
**Бүлдіршін балаларға!**
**Міне тағы келіп тұр**
**Жадыратып жаңа жыл**
**Төрімізге ол шықсын!!!)**
**Олай болса ортаға**
**Бөбектерімізді шақырамыз**
**Балалардың өнеріне шаттанайық қуанайық .**
**(Музыкамен балалар залға кіреді)**

**Ән: «Аяз-Ата»**

**Жүргізуші: Балалар қарандаршы қандай әдемі шырша. Аяз -Ата сендерге шыршаны безендіріп қойыпты. Ал, Аяз- Ата мен Ақшақар қайда жүр екен?**

**(Осы уақытта желдің дауысы шығады)**

**Жүргізуші: Балалар, біреу келе жатқан сияқты , мүмкін Аяз-Ата шығар.**

**Ақшақар:Сәлеметсіңдерме ,балалар? :Жаңа жылдарың құтты болсын!**
**Жүргізуші: Сәлеметсіңбе Ақшақар.**
**Сен Аяз-Атаны көрдіңбе?Сенің неге көңіл күйің жоқ?**
**Ақшақар: Менде Аяз-Атаны күтіп жүрмін, кешігіп жатыр.**
**(Орманның ішінен аюдың дауысы шығады)**
**Жүргізуші: Балалар бір дауыс шығады, мынау ненің дауысы, қане тыңдайықшы.**
**Ұйықтаған аюдың дауыс шығады.**
**Жүргізуші: Балалар бір дыбыс естіледі, бұл аюдың дыбысы. Аю неге ұйықтап жатыр, қане балалар аюды ұйқысынан оятайық. Тәрбиеші балаларды ертіп аюды оятады.**
**Балалар: Аю, аю тұр.**

**Аю:** Барыңдаршы менің мазамды алмаңдаршы, мен ұйықтаймын.
**Жүргізуші:** Аю сен шыршаны көремін, балалармен жаңа жылды қарсы алып , Аяз –Атадан сыйлық аламын дедіңғой.( Аю орнынан тұрып керіледі)
**Аю:** Ой мен ұйықтап қалыппынғой. Жаңа жыл өтіп кетті ме? Сәлеметсіңдерме балалар , Ақшақар? Аяз – Ата қайда әлі келмегенбе? Ой балалар аяз-ата келгенше би билейік, ән айтайық.
**Ән:**Аю ұйқысы
**Сергіту сәті:** Арам зам- зам
**Ақшақар:** Ия, Аяз-ата әлі келген жоқ
**Аю:**Ой онда мен кеттім Аяз-Атаны тауып, балалар сендерге алып келемін.
**Жүргізуші:**Аяз –Ата кеіліңіз.Аяз-Ата келіңіз.
**Жүргізуші:** Ой, мына шыршаның маңайын қар басып қалыптығой. Ақшақар мүмкін сен бізге көмектесерсіз.
**Жүргізуші:** Балалар Аяз-Атаны шақырып көрейік мүмкін біздің даусымызды естіп келер.
**Балалар:** Аяз-Ата, Аяз Ата, Аяз-Ата
**Аяз Ата:**Сәлеметсіңдерме, балалар?
**Ақшақар:** Аяз-Ата біз сізді күттік, сіздің балаларға дайындап қойған шыршаңыз өте әдемі екен. Бірақ шыршамыздың шамдары өшіп тұр.
**Аяз-Ата:** Мен ормандағы аңдарға сыйлықтарды таратып жүріп, кешігіп қалдым. Ал олай болса балалар сиқырлы сөздеріңді айтыңдар, мен мына сиқырлы таяғыммен шыршаның шамдарын жағайын.
**Балалар:** Қуант бізді таңырқат,
Шамдарыңды жарқырат

**Ән:** «Тамаша»
**Ақжол**
Жаңа жылмен жаңа жылмен
Құтықтаймын әрине
Атамызды анамызды
Қонақтардың бәрінде
**Раяна:**
Аяз-Ата тез –тез кел
Қаршақызды ерте кел
Келмесеңз болмайды
Мына шырша жанбайды
**Әмина:**
Аяз-ата келді

Маған кәмпит берді
Мен кәмпитті жеймін
Рахмет ата деймін
(Түлкі кіреді музыкамен)Түлкі  тақпағы.
Түлкі: Мен сендерге жай келген жолқпын.Мен сендерге қуыршақ алып келдім.
Жүргізуші:Сәлеметсіңбе Түлкі сыйлықтарың оте керемет екен. Олай болса қыздарымыз қуыршақпен билеп берсін.
«Қуыршақ» биі
Түлкі: Балалар ескі жыл қайда,жаңа жүр еді (Музыка әуенімен ескі жыл кіреді)
Сиыр: тақпақ . Ескі жыл қоштасады.
Сағат тілінің әуені естіледі.
Жүргізуші: Балалар ескі жылмен қоштастық. Жаңа жыл кіріп келе жатыр. Жаңа жылымыз Барыс жылы.Барыс жылымыз табысты жыл болсын.
Жаңа жыл кіреді: Барыс тақпақ
Ән: «Көңілді күй»
Тақпақтар
Расул:
Аяз – Ата келді
Бізге сәлем берді
Қалтасында шоколод
Оны бізге берді
Аяна:
Аю балды қалайды
Екі қолын жалайды
Құтыңдаған қу түлкі
Ақ тауыққа қарайды
Назым:
Жаңа жыл жаңа жыл
Жаңа жыл келді
Өсетін болдық
Бір жасқа енді
Луиза:
Сақалы аппақ күмістай
Тістері аппақ күріштей
Қызыл ала шапаны
Сағындым Аяз-атаны

Жүргізуші: Қоян залға кіреді.

Қоян: Сәлеметсіздерме балалар! Мен сендерге көп шарлар алып келдім. бірге ойнайықшы қанекей.

«Шар жарылды» ойыны. Қоянмен бірге ойнайды

Би: «Сылдырмақ би»

Жүргізуші: Келді міне жаңа жыл ортамызға

Құт береке әкелгін баршамызға

Аңсаған армандарыңыз орындалып

Өміріңіз бақытпен толсын нұрға

Міне бүгінгі «Қарлығаш» тобының «Кел жаңа жыл, жаңа жыл !» ертеңгілігі аяқталды. Қане балалар біз Аяз-Ата сыйлықсыз қалмалықпыз, Аяз-ата бізге қандай сыйлықтар әкелді.

Аяз-Ата: Балалардың барлығы өнерлі екен, енді мен балаларға жылдам сыйлықтарымды берейін.



